

2011 жылда жекешелендіруге жататын Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының коммуналдық меншігіндегі объектілер тізімін бекіту жөнінде

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 10 тамыздағы N 195 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 9 қыркүйекте N 13-7-158 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімі аппаратының 2012 жылғы 22 мамырдағы N 02-05-1.4-2/328 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімі аппаратының 2012.05.22 N 02-05-1.4-2/328 хаты)

«Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылы 1 наурыздағы № 413-IV Заңының 18-бабы 4) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылда жекешелендіруге жататын Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының коммуналдық меншігіндегі объектілердің қоса берілген тізімі **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қаржы бөлімінің бастығы Б.Ж. Қ а м з и н ғ а **ж ү к т е л с і н .**

3. Осы қаулы оның бірінші ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *С. Ыбыраев*
Ж а м б ы л а у д а н ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 0 т а м ы з д а ғ ы
№ 1 9 5 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

2011 жылда жекешелендіруге жататын Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының коммуналдық меншігіндегі объектілер тізімі

Р/н	Объектінің атауы	Балансұстаушы	Объектінің орналасқан жері

1.	Электр беру желісі, қуаттылығы 0,4 квт, ұзындығы 7620 метр	«Жамбыл ауданының Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Қайранкөл селосы
2.	Бұрынғы 12 пәтерлі екі қабатты тұрғын үйдің ғимараты	«Жамбыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Озерный селосы
3.	Бұрынғы қонақ үйдің ғимараты	«Жамбыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Озерный селосы
4.	Бұрынғы асхананың ғимараты	«Жамбыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Озерный селосы
5.	Бұрынғы дүкеннің ғимараты	«Жамбыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Озерный селосы
6.	Техникалық қызмет көрсету пункттің ғимараты	«Жамбыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Айтуар селосы